

«Келісілді»


Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
президенті

—М. Тыныбаева

«06» мамыр 2024 жыл

«Бекітемін»

ҚР ОАМ Орта білім беру
комитетінің төрағасы

 К. Жұмашев

«06» мамыр 2024 жыл

2024 ЖЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес әдістемелік кабинеттердің негізгі міндеттерінің бірі педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату. Инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату үшін әрбір деңгейде әдістемелік кеңес құрылды. Әдістемелік кеңестің құрамына тәжірибелі педагогтар мен әдіскерлер, педагог-ғалымдар және т.б. кіреді. Әдістемелік кеңестің жұмысы олардың қызметі туралы ережемен реттеледі.

Авторлық материалдар негізінде инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу мен таратуға басшылық жасау:

- республикалық деңгейде – республикалық оқу-әдістемелік кеңеске («педагог-шебер» біліктілік санаты үшін);
- облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде – білім беруді басқару органдарының әдістемелік кабинеттері жанындағы оқу-әдістемелік кеңеске («педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін) жүктеледі.

1. Педагог-зерттеушілер үшін

1.1. Білім беруді басқару органдарының әдістемелік кабинеттері жанындағы оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - ОӘК):

- педагогтің өтініші бойынша оның оқу-әдістемелік материалдарын қарайды;
- ОӘК мақұлдағаннан кейін инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату туралы шешімі бар хаттама рәсімделеді, педагогке хаттама көшірмесінен үзінді немесе ОӘК қорытындысы беріледі.

Педагог ОӘК оң шешімі болған жағдайда инновациялық педагогикалық тәжірибені облыстың кемінде бір ауданында немесе қаласында таратады.



1.2. Егер педагогте инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату туралы растайтын құжаттар болмаған жағдайда, нәтижелерге теңестіріледі:

1) ОӘК-те қарау үшін педагог портфолиосына қоса берілген білім беру ұйымдарында әзірлемелерді енгізу туралы актілер педагогикалық тәжірибені тарату нәтижесі ретінде есепке алынады;

2) облыстық немесе республикалық деңгейде білім беруді басқару органдары ұйымдастырған конференциялар, семинарлар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, тренингтер және т.б. (кемінде бір ауданда/қалада) өткізуге қатысу;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлығы (тең авторлығы);

4) педагогтің қашықтан оқыту кезінде барлық білім беру ұйымдары үшін республикалық телеарналарда көрсетілген онлайн-сабақтар өткізуге қатысуы;

5) педагогтің ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жүргізген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша әзірленген модельдерді, технологияларды, бағдарламаларды сынақтан өткізуге қатысуы;

6) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесі мақұлдаған әзірлемелер;

7) облыстық немесе республикалық педагогикалық конкурстардың жеңімпаздары, оның ішінде «Жыл мұғалімі», «Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар панорамасы»;

8) «Дарын» РҒПО өткізетін «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жеңімпаздары;

9) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері;

10) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сараптамалық кеңесінің, тест сұрақтарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері;

11) ҚР ОАМ Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының «Электрондық сарапшылар базасына» сәйкес оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау нәтижелерін қарау жөніндегі пәндік-сараптамалық комиссияның мүшелері.

1.3. Растайтын құжаттардың тізімі: инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізу туралы актілер, іс-шаралар бағдарламасының көшірмесі, анықтамалар, сертификаттар, дипломдар мен грамоталар, бұйрықтан үзінді, облыстық ОӘК қорытындысының көшірмесі және т.б. *(барлық көшірмелер*

білім беру ұйымы, білім беруді басқару органы басшысының мөрімен және қолымен расталады).

2. Педагог-шеберлер үшін

2.1. Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі-РОӘК):

– РОӘК жанындағы Сараптамалық кеңес облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары жіберген педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибелерін қарайды;

– Сараптамалық кеңес отырысының қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оның негізінде өңірлерге, республикалық білім беру ұйымдарына әзірлемелерді республикалық деңгейде тарату туралы шешіммен қорытындылар жіберіледі;

2.2. Егер педагогте инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату туралы растайтын құжаттар болмаған жағдайда, нәтижелерге теңестіріледі:

1) РОӘК жанындағы Сараптамалық кеңесінде қарау үшін педагог портфолиосына қоса берілген білім беру ұйымдарында әзірлемелерді енгізу туралы актілер педагогикалық тәжірибені тарату нәтижесі ретінде есепке алынады.

2) білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты мекемелер ұйымдастырған республикалық немесе халықаралық деңгейлерде (кемінде бір облыста, республикалық маңызы бар қалада) конференциялар, семинарлар, шеберлік сыныптар, дөңгелек үстелдер, тренингтер және т.б. өткізуге қатысу;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы);

4) ҚР ОАМ «Өрлеу» БАҰО, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мекемелерінде педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы;

5) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесі мақұлдаған әзірлемелер;

6) педагогтің қашықтан оқыту кезінде барлық білім беру ұйымдары үшін республикалық телеарналарда көрсетілген онлайн-сабақтар өткізуге қатысуы;

7) педагогтің ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жүргізген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша әзірленген модельдерді, технологияларды, бағдарламаларды сынақтан өткізуге қатысуы;

8) республикалық «Үздік педагог» конкурсының немесе «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары;

9) Дарын» РҒПО өткізетін «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жеңімпаздары;

10) «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық конкурсының жеңімпаздары;

11) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері;

12) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сараптамалық кеңесінің, тест сұрақтарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері;

13) ҚР ОАМ Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының «Электрондық сарапшылар базасына» сәйкес оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау нәтижелерін қарау жөніндегі пәндік-сараптамалық комиссияның мүшелері.

2.3. Растайтын құжаттардың тізімі: инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізу туралы актілер, іс-шаралар бағдарламасының көшірмесі, анықтамалар, сертификаттар, дипломдар мен грамоталар, бұйрықтан үзінді, облыстық ОӘК қорытындысының көшірмесі және т.б. *(барлық көшірмелер білім беру ұйымы, білім беруді басқару органы басшысының мөрімен және қолымен расталады).*

Ескерту.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 56-тармағының 4 және 5-тармақшаларының талаптарына сәйкес «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттарын беру (растау) кезінде нұсқаулықтың 1 бөлімінің 1.2-тармағы және 2 бөлімінің 2.2-тармағы бойынша педагогтің тәжірибесін тарату ретінде сараптама және аттестаттау комиссиясымен есептеледі және тек қана 2024 жылы қолданылады:

- педагог-зерттеушілер үшін: «облыс деңгейінде (кемінде 3 (үш) ауданды/ қаланы қамти отырып); республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада, республикада (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) тәжірибені таратады»;

- педагог-шеберлер үшін: «республика деңгейінде тәжірибе таратады (кемінде 3 облысты қамти отырып), республикалық деңгейдегі ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтер үшін ұйымдастырған іс-шаралар өткізеді».